



Автор: Балмуханова Назгул Сергейқызы
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 5-сынып
Бөлім: Көлік және жол белгілері
Тақырып: Жол қауіпсіздігінің ережелері.

Сабақтың мақсаты:	5.Ж4. Эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу. ӘТН. Қысқарған сөздер емлесі.
Бағалау критерийлері:	- Болған оқиғаны сипаттап жазады Дескриптор - эссе тақырыбына қатысты өз ойын білдіре алады; - эссе құрылымын сақтайды (кіріспе, негізгі, қорытынды); - бір мекенде болған оқиғаны сипаттап жазады; - эссе көлемін сақтайды.
Құндылықтарды дарыту:	
АКТ-ны қолдану дағдылары:	. Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы
Пәнаралық байланыс:	
Бастапқы білім:	

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Тұлғааралық байланысты орнату. Жұбыңызбен ой бөлісіңіз. Жол белгілеріне қатысты ақпаратты таңдап алыңыз. Жол қауіпсіздігінің ережелерін ескеріп, жұбыңызбен ой бөлісіңіз. 4. Анықтамалық белгілер.	
Сабақтың ортасы	Жолдан өту ережесі. (bilimland.kz) Бейнені мұқият қарап, тыңдаңыз. Бейнедегі айтылған ақпарат бойынша өз пікіріңізді айтыңыз. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз. 1. Қандай жағдайда жол көлік оқиғасы орын алуы мүмкін? 2. Жүргіншілер қандай жолдармен дұрыс кесіп өткен жөн? Неліктен? 3. Жолды кесіп өтудің тәсілдерін ата. 4. Жер асты өткел жолы не себепті ең қауіпсіз жол? 5. Жолдың арғы бетіне көпір арқылы өту денсаулыққа пайдалы. Неліктен? 6. Жолдың белгілі бір бөлігіндегі жолды кесіп өтуге арналған жолдарды қандай жерлерге салады? Неліктен? 7. Неліктен жаңбырлы күні тротуармен жүру керек? 2-тапсырма. Жол белгілерін сипаттап жаз. Қысқарған сөздер емлесі 19-сабақ. “Латынша оқы, латынша жаз!” бейнесабақ https://www.youtube.com/watch?v=2yZfxN3SeWg&list=PLiqCiHbbD-R_-AkWFldjly_Vo-SdMIDwY&index=19 §73. Басқы әріптерінен қысқарған күрделі атаулар бас әріппен жазылады: EYU (Eýropadaǵy qaýıpsızdıq jáne yntymaqtastyq uıymy); AQ (Aksınerlik qoǵam); AAQ (Ashyq aksınerlik qoǵam); JShS (Jaýapkershiligi shekteýli seriktestik); DDSU (Dúniejúzilik densaýlyq saqtaý uıymy). Қосымшалар қысқарған сөздің айтылу заңдылықтарына сәйкес дефис арқылы жазылады: EYU-ǵa; EO-ǵa; JShS-nyń, JShS-ǵa; AQ-nyń; DDSU-ǵa; TMD-ǵa; MKK-ge. Бірақ AQSh-qa деп жазылады. §74. Ағылшын тіліндегі атауы бойынша қысқарған әлемдік мәртебесі жоғары халықаралық ұйым атаулары түпнұсқа тіліндегідей жазылады: UNESCO, USAID, NATO, EXPO. Қосымшалар қысқарған сөздің айтылуына қарай дефис арқылы жалғанады: UNESCO-nyń, -ǵa; USAID-tyń, -qa; NATO-nyń, -ǵa; EXPO-nyń, -ǵa. §75. Аралас қысқарған сөздер төмендегідей жазылады: QazUÝ (Qazaq ulttyq ýniversiteti); Eýroodaq (Eýropalyq odaq). Қосымшалар соңғы буынға үндесіп жалғанады: QazUÝ-dyń, -ǵa; Eýroodaq-tyń, -qa. 3-тапсырма. Латын қарпінде қысқарған сөздерге мысалдар келтіріп жаз. 4-тапсырма. Эссе . “Қауіпсіздік не үшін қажет?” (70-80 сөз)	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы	Көңіл-күй” термометрі арқылы оқушылардан кері байланыс алу.	
Рефлексия	стикер толтыру	